

Жаңаөзен қаласы
жалпы білім беру
№ 7 орта мектеп КММ
Биология пәні мұғалімі
Тұрсынбай Айгерім Бауржанқызы



Жапырақтың құрылысы мен қызметі.
Жапырақтың ішкі құрылысы. Лептесік. Жапырақ фотосинтездеуші негізгі арнайы мүше. Судың булануы мен газдардың алмасуы.

- Оқу мақсаттары**
- 7.1.2.1 Жапырақтың ішкі құрылысын сипаттау, құрылысы мен қызметі арасындағы өзара байланысты сипаттау.

Бағалау критерийлері

- Жапырақтың ішкі құрылысының ұғымын біледі;
- Жапырақтың ішкі құрылысындағы жасушалардың ерекшелігін ажыратады.
- Жапырақтың құрылысы мен қызметі арасындағы өзара байланысты сипаттай алады.

Сабақ мақсаттары

- Жапырақтың ішкі құрылысын сипаттай алады, ішкі құрылысы мен атқаратын қызметінің арасындағы тығыз байланыс туралы ой қорыту, сипаттау.
- Оқулықтан тыс берілген қосымша тапсырмаларды орындап, түсіндіру.

Тілдік мақсаттар

Пәндік лексика және терминология:

- Паренхима, лептесік, транспирация, жабын ұлпа

Оқытудың тілдік мақсаттары:


- Жапырақтың құрылысы туралы тірек сызбаны көреді, талдау бойынша өз ойларын тұжырымдайды.

Диалог құруға/жазылымға қажетті сөздер топтамасы:

- Паренхима – фотосинтездеуші ұлпа жасушалары.
- Өң жасушалары нешеге бөлінеді?
- Лептесік арқылы заттар өсімдік ішіне түседі және сыртқа шығады.

Белсенді оқыту әдістері

Басында



Жапырақтың құрылысы мен қызметі арқылы оқушыларды үш топқа бөлеміз.
Топтық жұмыста «Ой қозғау» арқылы жаңа тақырыптың мағынасын ашамын.

Ортасында

«Ақпарат жинау» әдісі арқылы оқушылардың ойын шоғырландыру.

- Жапырақтың ішкі құрылысын дайын микропрепараттардан қарау. (Жапырақтың цитологиялық құрылысын қарау)
- Кеппешөптегі жапырақтың құрылысын анықтау
- Жүйкелену және оның жапырақта орналасу ерекшеліктеріне сипаттама беру

Бағалау критерийлері	Дескрипторлар
Жапырақтың ішкі құрылысы мен қызметінің арасындағы байланысқа сипаттама жасайды	<ul style="list-style-type: none">• Жапырақ жүйкесін ажырата алады• Паренхима мен склеренхиманы ажырата алады• Гистология құрылысына сипаттама береді

Соңында



«Таңдау әдісі» арқылы оқушылар өтілген тақырып бойынша жеке жұмыс орындайды.

«Табыс ағашы» арқылы оқушылар сабақтан алған әсерлерін білдіреді



Саралау әдістері

Жіктеу

Талаптары әртүрлі оқушыларды « Біздің сынып керемет» сөйлемі арқылы бөлемін

Дереккөздер

Оқушылар оқулық, микроскоптар, микропрепараттар арқылы жұмыс жасайды.

Диалог және қолдау көрсету

Сабақтың мақсатына сәйкес оқушыларға тапсырмалар, ал көмекті қажет ететін оқушыларға уақыт беремін

Қорытынды

Оқушыларға бағыт бере отырып, күтілетін нәтижеге көз жеткізуді жоспарлаймын

Критериалды бағалау

Бағалау

Білім алушы:

- Жапырақтың ішкі құрылысының ұғымын біледі;
- Жапырақтың ішкі құрылысындағы жасушалардың ерекшелігін ажыратады.
- Жапырақтың құрылысы мен қызметі арасындағы өзара байланысты сипаттай алады.

Бағалау критерийлері	Дескрипторлар
Жапырақтың ішкі құрылысы мен қызметін түсіндіреді	1. Жапырақтың ішкі құрылысын анықтай алады. 2. Жапырақтың ішкі құрылысындағы жасушалардың ерекшелігін ажырата алады. 3. Жапырақтың ішкі құрылысын құрайтын құрам бөліктеріне сипаттама бере алады. 4. Жапырақ жүйкесінің қызметін анықтай алады.

